

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы
**«Қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы
педагогтарының креативтілігін жетілдірудің педагогикалық-
психологиялық негіздері»**

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің мамандарын оқытуға арналған

Бағдарлама авторы:

Қашқынбаева З.Қ. – п.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының
қауымд.профессоры (доцент)

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу және әлеуметтік ортаға еркін бейімделе алатындай жағдай жасау аса маңызды міндет. Демек, қазіргі талап бойынша мектептің бірінші сыныбына келетін балалардың физиологиялық жағынан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттері мол, ерік-жігері күшті, жұмыс қабілеттеріне ие, білімге қызығушылық сипаттары мол болуы қажет. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі мекеменің, ата-аналардың басты міндеті - баланы мектептегі оқуға, мектеп өміріне даярлау.

Мектепке алғаш бару - бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық-қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл қауырт кезеңде мектеп бірінші күннен бастап оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланы ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан да балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл-әрекеттерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, ақыл-ой еңбегін, мақсаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Осыған орай білім беру бағдарламасы «Қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудің педагогикалық-психологиялық негіздері» курсы мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативті құзыреттілігін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама мазмұны білім беру сапасын бағалау саласындағы нормативтік құжаттарды, теориялық және практикалық мәселелерін қарастыруға, өлшемдердің мәліметтерін өңдеу және талдау, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім беру жағдайы мен тиімділігі бойынша тәжірибе жинақтауға бағдарланған.

Мектепке дейінгі білім беру – бұл үш пен жеті жас аралығындағы баланы оқыту, дамыту, тәрбиелеу, қарау және күту. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Жеті жасқа дейінгі балалар бірдеңені шындап үйрену үшін тым кішкентай болып көрінеді, алайда жете дайындалуынсыз балаға кейіннен мектепте оқу қиын болады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі сабақтардың мектептегі сабақтардан айырмашылығы айтарлықтай. Кішкентай балалар бір орнында қырық-қырық бес минут отыра алмайды. Сондықтан балабақшаларда және даму орталықтарында сабақтар әдеттегідей қысқа, олардың ұзақтылығы отыз минуттан аспайды. Білім балаларға ойын түрінде ұсынылады, мектеп жасына дейінгі баланың ойын арқылы сабаққа көңілін аударуға оңай. Ойын түрінде

қажетті дағдылар қалыптап, олар ойын барысында пысықталады. Бұл ретте тәрбиешілер мектепте оқығанда керек болатын дағдыларды қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға бірдей оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт негізінде әзірленеді. Олардың негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде 2-3 жас аралығындағы балаларды 6-7 жасқа дейін мектепке дейін тәрбиелеу және оқыту жүргізіледі. Балаға мәдениет негіздерін, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған тәртіп және қарым -қатынас үлгілерін мектепке дейінгі жаста дарыту өте маңызды, бұл оның кейіннен бастапқы мектепте бейімделуін едәуір жеңілдетеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту арқылы бала өзі және өз мүмкіндіктері туралы бастапқы түсініктерді алады, онда қоршаған ортаның толық бейнесі және оған деген дұрыс көзқарасы қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста баланың зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және дене тұрқы мен жеке басы қасиеттерінің негізі салынады.

Баланы мектепке даярлау – 4-5 жастан басталады, бұл кезде баланың бастауыш оқу, жазу, есептеу дағдылары қалыптасады, тіл арқылы қатынасу тәжірибесі дамиды. Бұл мектепке дейінгі мекеме түрі 6-7 жастағы балалардың негізгі бөлігін қамтиды.

2. Глоссарий

- Мектепке дейінгі білім беру – үш пен жеті жас аралығындағы баланы
 - оқыту, дамыту, тәрбиелеу, қарау және күту;
- ерте жастағы топ – 1 жастан 2 жасқа дейін;
- бірінші кіші топ – 2 жастан 3 жасқа дейін;
 - екінші кіші топ – 3 жастан 4 жасқа дейін;
 - ортанғы топ – 4 жастан 5 жасқа дейін;
 - мектепке дейінгі топтар: ересектер тобы – 5 жастан 6 жасқа дейінгі және мектепалды даярлық тобы – 6 жастан 7 жасқа дейінгі балалар;
 - жеке дайындық - баланың жаңа қоғамдық ортаға дайындығының қалыптасуы құқықтар, міндеттерді қамтитын мектеп ережесін үйрету;
 - зияткерлік дайындық - баланың нақты білімі мен ой – өрісінің ауқымын жетілдіру;
 - әлеуметтік-психологиялық дайындық - балада басқа балалармен, мұғаліммен қарым-қатынас жасай алатын сапаларды қалыптастыру;
 - физиологиялық дайындық - бала ағзасының қызметі мен денсаулық жағдайының даму деңгейімен анықталады;
 - ақыл-ойының даярлығы - мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігін дамыту;
 - биологиялық кемелденуі - ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін үрдіс;
 - жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы - баланың басқалармен қарым-қатынас арқылы мектепте оқытуға, мектеп оқушысының рөлі арқылы балалар тобымен ойлау дайындығын дамыту;
 - ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы - баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі;
 - мектепалды даярлықтың – балалардың мектепте оқуға уәжін және оған эмоциялық дайындығын қалыптастыру;
 - білімділік – педагогикалық іс-әрекетке қатысушылардың өзара әрекеті;
 - дамыту қағидасы - тұлғаның дамуына нақты бағдарлану;
 - диалогтық қарым-қатынас қағидасы - білім беру үрдісі субъектілерінің қарым-қатынасының бөлінбейтін шарты ретінде қарастыру;
 - сенімді қарым-қатынас қағидасы - білім беру үрдісіне қатысатын субъектілердің ашықтығын, өзара шарттастығын, белсенділігі;
 - педагог пен баланың арасындағы өзара әсер қағидасы - білім беру әрекетіндегі тәрбиеленуші мен тәрбиешінің өзара шарттастығы;
 - білім беру қағидасы - баланы мектепке дамыту деңгейінде білімге деген құштарлығын ояту;
 - денсаулық сақтау қағидасы - білім беру үрдісіндегі дене шынықтыру баланың психологиялық дамуы жөнінде жалпылама және тұтас көзқарас беру;

- зейін аудару – зейінді бір объектіден екінші объектігі әдейі ауыстыру.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Модуль 1. Мектеп алды дарлық тобында балаларға білім беру негіздері	Модульдің міндеті, Бағдарламаға қатысушыларды Мектепке дейінгі білім берутарихымен, негізгі ұғымдары мен принциптерімен таныстыру, Қазақстандағы қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудіңпсихологиялық-педагогикалық негіздерін саралай отырып, баланы мектепке даярлауметадологиясын үйрету, Модуль мектепке дейінгі ұйым мамандарының баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірутуралы негізгі түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.
Модуль 2. Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіру жоспарлау	Ұсынылған модуль мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіруді жоспарлау бойынша нұсқаулықтар беру, талдау және түсіндіру, Қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудіңпсихологиялық-педагогикалық негіздерібойынша кеңестер беру. Баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы үшін оқу бағдарламасын ескере отырып, педагогтарының креативтілігін жетілдірудіжоспарлауға және құрылымдауға үйрету, негізгі әдістерін меңгеруге бағытталған.
Модуль 3. Технологиялықресурстар	Модуль қатысушылардыпедагогтардың креативтілігін жетілдіру элементтерін, тиімді әдістеріне үйретуге бағытталған. Қатысушылар ресурстарды тиімді және оңтайлы пайдалануды, сондай-ақ аудитория алдында жобаларды қорғау үшін көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгеруді үйренеді. Педагогтардың креативтілігін жетілдіругеерекше назар аударылады.
Қорытынды бағалау	Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірубойынша қалыптасқан дағдыны презентация арқылы бағалау.

4. Мақсат, міндеттер және бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курс мақсаты: қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативті қабілетін, кәсіби күзіреттілігін, іскерлік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негізін анықтау.

Курс міндеттері:

1. Мектепалды даярлық тобы педагогтарының біліктіліктерін арттыру;
2. Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілік қабілетін, инновациялық-интеллектуалдық әлеуетін, кәсіби өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдірудің жолдарын анықтау;
3. Жаңа білім беру мазмұнына сәйкес мектепалды даярлық тобы педагогтарының кәсіби өсуінің алғы шарттарын, ақпараттық коммуникативтік технология бойынша құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Курстың практикалық маңыздылығы

Мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудің білім беру жүйесінде орны мен маңызы зор. Себебі қазіргі уақытта елімізде педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің ең өзекті аспектілерінің бірі курсты бітірген тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу мәселесі болып табылады. Педагогтердың біліктілігін арттыру мақсатында рефлексия, ситуациялық жағдаяттарды шешу жоспарлы түрлі жүзеге асырылып келеді. Курстан кейінгі кезеңде педагогті сүйемелдеу педагогтармен жұмыстың перспективті түрі болып табылады, ол танымдық қызметті жандандыруға, білім беру нәтижелерін қалыптастыруға, өзін-өзі талдау мен өзін-өзі бағалаудың рөлін арттыруға мүмкіндік береді.

Пәнаралық интеграцияны күшейту Мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіру қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауға ықпал етеді.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- 1) Қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудің теориялық негізін меңгереді;
- 2) Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіруге мониторингтік сараптама жасай білуді меңгереді;
- 3) Педагогикалық әрекеттерді қарқындату жағдайында қазіргі АКТ технологияларды, интербелсенді әдіс-тәсілдерді меңгереді.

5. Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

Модуль 1. Мектеп алды даярлық тобында балаларға білім беру негіздері	1.1. Нормативті құжаттар 1.2. Баланы мектепке даярлау тарихы мен дамуы. 1.3. Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудің принциптері. 1.4. Қазақстандағы қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудің психологиялық-педагогикалық негіздері 1.5. Мектепалды даярлық тобы балаларының дамуының психологиялық-педагогикалық негіздері 1.6 Мектепалды даярлық тобы педагогтар жұмысының ерекшеліктері
Модуль 2. Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіру жоспарлау	2.1. Педагогтарының креативтілігін жетілдірудің нұсқаулықтары. 2.2. Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіру жолдары. 2.3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жоспарын әзірлеу. 2.4. Әр түрлі бала топтарына арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер жоспарының ерекшеліктері. 2.5. Деректерді жинау және талдау әдістері. 2.6. Рефлексия
Модуль 3. Технологиялық ресурстар	3.1. Ресурстарды тиімді және оңтайлы пайдалану. 3.2. Пәнаралық жобаларды құру және жүзеге асыру. 3.3. Жобаларды бағалаудың критерийлері.
Қорытынды бағалау	4.1. Идеядан презентацияға дейін. 4.2. Қатысушылардың дайындаған презентация қорғау. 4.3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің жоспары бойынша рефлексия. 4.4. Курс нәтижелерін талдау және қорытындылау.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. «Қазіргі жағдайда баланы мектепке даярлауда мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдірудің педагогикалық-психологиялық негіздері» курсы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру құрылымдалуы және оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануы тиіс.

Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері: Күнтізбелік жоспарлау: курстың жалпы көлеміне негізделген сабақтардың егжей-тегжейлі кестесін әзірлеу (80 академиялық сағат). Дәрістерге, семинарларға, практикалық сабақтарға және үй тапсырмасына уақыт кестесіне қосу.

Сабақ форматы: қатысушылардың интерактивтілігі мен оқу белсенділігін қамтамасыз ету үшін сабақ форматтарының әртүрлілігі. Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, мастер-кластарды, дөңгелек үстелдерді және презентацияларын қосу.

Әдістемелік қамтамасыз ету: презентацияларды, әдістемелік құралдарды, ғылыми мақалаларды, кейс-кезеңдерді, ғылыми мәтіндердің үлгілерін және мысалдарын қоса алғанда, оқу материалдарын дайындау және ұсыну. Заманауи технологияларды қолдану: ақпаратқа қол жеткізуді және оқу материалымен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін онлайн ресурстарды біріктіру.

Қашықтықтан оқыту платформаларын, вебинарларды, виртуалды зертханаларды және бірлескен құралдарды пайдалану.

Үлгерімді бағалау: оқытудың әр кезеңі үшін нақты бағалау критерийлерін әзірлеу, соның ішінде өзіндік тапсырмалар, аралық жұмыстар және ғылыми жобаны қорғау. Қатысушылардың нәтижелерін түзету және жақсарту үшін оқытушылармен кері байланыс және кеңес беру. Мониторинг және бейімделу: қатысушылардың үлгерімін үнемі бақылау және кері байланыс пен бағалау нәтижелеріне байланысты оқыту әдістемелерін бейімдеу. Әр түрлі деңгейдегі және қажеттіліктері бар қатысушыларға қосымша ресурстар мен қолдау көрсету. Оқытушылар тобын қалыптастыру: курсты ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жұмыс саласында тәжірибесі бар білікті оқытушылармен қамтамасыз ету. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді әзірлеу үшін бірлескен жиналыстар мен талқылауларды ұйымдастыру.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
	Мектеп алды даярлық тобында балаларға білім беру негіздері	10 сағат	Лекция, семинар	Презентация Мектеп алды даярлық тобында балаларға білім беру негіздері туралы, тарихи даму мен қазіргі жағдай. Тақырыптық әдебиеттер тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
	Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіруді жоспарлау	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіруді жоспарлау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар.
	Технологиялы кресурстар	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Технологиялық ресурстар пайдалану бойынша ұсыныстар. Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған әдістемелік материалдар мен жаттығулар.
	Қорытынды бағалау	10 сағат	Презентация қорғау	Қатысушылардың презентацияларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы мектепалды даярлық тобы педагогтарының креативтілігін жетілдіруге бағытталған. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың пәндік білімдері мен дағдылары нақты анықталады. Бағалау

жүйесі презентация, тапсырмалар мен пікірталастарды қамтиды, мұнда педагогтарының креативтілікқабілеті де тексеріледі. Қатысушылардың жалпы бағасы олардың курс барысындағы нәтижелері мен белсенді қатысуына негізделеді. Әр модуль бойынша жинақталған ұпайлар мен қорытынды аттестация нәтижелері қорытынды бағаны анықтайды.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жаңа білімдерін практикада қолдану үшін түрлі ұйымдармен ынтымақтастық орната алады. Олар конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, тыңдаушылар өз білімдерін одан әрі тереңдету үшін қосымша тренингтер, вебинарлар және мастер-класстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама аясында тыңдаушылар зерттелген тақырыптар бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттармен таныса алады, сондай-ақ пәндік әдебиеттер мен зерттеу нәтижелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Бұл курс білім алушыларға креативтілікті жетілдіруге тиімді түрде қолдануға көмектеседі, әрі олар жаңа әдістемелер мен білімдерді білім беру саласында қолдану дағдыларын меңгереді. Курстан кейінгі қолдау форматын, нысандары мен әдістерін сипаттайды. Креативтілігін қалыптастыру барысында: торлы талқылау, венн диаграммасы, кесте, ЖИГСО, эссе орындау жатады. Біліктілігін дамытуда: INSERT кестесі, алма кезек–сұрақ қою, ассоциация, семантикалық карта жасау жатады.

10. Әдебиеттер тізімі

1. ҚР «Білім туралы» Заңы.
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920
2. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. <https://5s.ucoz.ru/publ/>
3. Бекмагамбетова Р.К. Подготовка ребенка к детскому саду и к школе. Учебное пособие. - Алматы: Альманахъ, 2018. - 84с.
4. Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық. - Алматы: ЖОО қауымдастығы, 2012. – 220 б.
5. Белов Т.В. Готов ли ребенок к обучению в первом классе. - М: Ювента, 2005.
6. Козлова С.А. Дошкольная педагогика. Учебное пособие. - М.: Академия, 2020. - 432 с.
7. Бондарь Т.А. Подготовка к школе детей с нарушением эмоционально - волевой сферы. - М.: Теревинф, 2012.
8. Мукашева А.Б. Педагогика одаренных детей. Учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 138 с.
9. Метербаева К.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2017. – 184 б.

10. Баланың мектепке дайындығы бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2019 . - 44 б.